

Дизартрия дегеніміз

- сөйлеу мүшелерінің иннервациясының жеткіліксіздігімен негізделген, сөйлеу тілінің дыбыстауындағы бұзылысы. Дизартрия орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануының салдарынан болып табылады.

- Дизартрия кезіндегі жетекші кемшілік орталық және перифериялық нерв жүйесінің бұзылуынан сөйлеудің мағыналық бұзылуы болып табылады.

«Дизартрия» термині гректің «артрон»
- мүшелену немесе бөлшек және «дис»
- бұзылу сөздерінен шыққан.




Дизартрия кезінде сөйлеудің
бағдарламалануы емес, моторлық жүзеге
асуы зақымдалады.

Ми қыртысы дизартриясы

- *Ми қыртысы дизартриясы* доминантты ми сыңарының төменгі бөліктердегі орталық қатпарлардың (постцентральді және премоторлы аумақтарының) зақымдалу салдарынан болады.


Ми
қыртысын :
- маңдай,
- самай,
- төбе,
- желке
бөліктері
деп
ажыратамыз.



7-сурет. Мидың басты бөлімдері


Біріншілік алаңдардың ерекшелігі

Алдыңғы және артқы орталық қатпарда мидың сыртқы бетінде мимикалық және артикуляциялық бұлшық еттерді қамтамасыз ететін үлкен аймақ бар, одан сәл жоғары ми қыртысының қолдарды және әсіресе саусақтардың қимылын қамтамасыз ететін жерлер орналасқан



Екіншілік алаңдар біріншілік алаңдардың үстіне құрыла орналасып, бас пен көздің бұрылуы, бас пен дененің бұрылуы, қолдың ұстап алу қозғалысы, жалпы және артикуляциялық бұлшық еттердегі ауысулар сияқты қозғалыс актілерін ұйымдастыруда күрделі қызмет атқарады.

Сөйлеу қызметінде мидың доминантты жарты шарының **үшіншілік алаңдары** ең үлкен маңызға ие болады. Қыртыстың барлық бөліктерінен және мидың төменгі бөлімдерінен күшті импульстер алып, қыртыстың үшіншілік алаңдары белсенділік күйлерін ойластырылған мақсаттармен сәкестендіріп, оларды реттеуде маңызды рөл атқарады.




5-сурет. Мидағы қызметтердің орналасуы.

1) Маңдай бөлігі: а) дене қимылдарын реттейтін бөлімдер; б) күрделі ойлау қызметтері; сөйлеу. 2) төбе бөлігі: а) дәм сезу; – сипап сезу. 3) самай бөлігі: а) иіс сезу. 4) шүйде бөлігі: а) көру. 5) мишық. 6) ми бағанасы.

Маңдай қыртысының төменгі бөлімдері лексикалық және грамматикалық құрылымдардың қалыптасуымен байланысты. Адамның саналы қызметінің реттелуі сөйлеудің қатысуымен іске асырылады. Психикалық процестер сөйлеу қызметінің негізінде қалыптасып, соның негізінде өтеді.

Сөйлеу қызметі дамудың ерте сатыларында жайылған сипатта болады, ал кейін бара-бара қысқара отырып, ішкі сөйлеуге ауысады, сондықтан маңдай бөліктерінің бағдарламалаушы, реттеуші және қадағалаушы әсері сөйлеу қызметімен тығыз байланысты.



5-сурет. Мидағы қызметтердің орналасуы.

1) Маңдай бөлігі: а) дене қимылдарын реттейтін бөлімдер; б) күрделі ойлау қызметтері; сөйлеу. 2) төбе бөлігі: а) дәм сезу; – сипап сезу. 3) самай бөлігі: а) иіс сезу. 4) шүйде бөлігі: а) көру. 5) мишық. 6) ми бағанасы.

МИ ҚЫРТЫСЫ ДИЗАРТРИЯСЫ

```
graph TD; A[МИ ҚЫРТЫСЫ ДИЗАРТРИЯСЫ] --> B[Эфферентті (премоторлы)]; A --> C[Афферентті (постцентральді)];
```

Эфферентті
(премоторлы)

Афферентті
(постцентральді)

- *Ми қыртысы дизартрияның эфферентті түрі артикуляциялық мускулатураны иннервациялайтын алдыңғы орталық ми қыртысы аумағының зақымдалуынан болады.*

Жеке артикуляторлық қимылдардың бұзылуы байқалады. Көбінесе тілдің ұшының қимылы бұзылады, соған байланысты тілалды дыбыстары бұзылады. Дыбыс артикуляциясы бұзылады, көптеген синкинезия кездеседі.

❖ Сөйлеу процесінде бір дыбыстан екінші дыбысқа ауысуы қиындық туғызады, баяу сөйлейді, сөз арасында тоқтап қалады, кейде буындап сөйлейді.

❖ Дауысты дыбыстарды айтуы өзгереді, барлық дауысты дыбыстар А, Э дыбыстармен ұқсас айтылады, дауыссыз дыбыстар ұзартылып айтылады

Ми қыртысының афферентті түрі

ми қыртысының үлкен жарты шардың постцентральді аймақтарының зақымдалуынан болады. Бұл түрінде қол қимылында апраксия мен оральді апраксия (қимылды «іздеу») байқалады.

Дизартрияның бұл түрінде дұрыс артикуляцияны белсенді түрде іздеу байқалады, сондықтан артикуляцияны іздеу кезінде сөйлеу үзіліп қалады.

Африкаттар өзінің құрылымындағы бөліктеріне ыдырап айтылады, саңылау дыбыстар жабысыңқы, шұғыл дауыссыз дыбыстармен алмасады, дауыссыздар қатар келгенде бір дыбыс түсіп қалады.

МИ ҚЫРТЫСЫ ДИЗАРТРИЯСЫНЫҢ ЕМДЕУ ЖОЛДАРЫ

Ми қыртысының органикалық зақымдалуы көп жағдайда емделмейді, ал туа біткен болса терапия әдістер дәрменсіз болып табылады.

Ми қыртысы дизартриясы бар балалармен логопед жұмыс жасайды

Логопедтің басты міндеті- көмек көрсету арқылы артикуляциялық аппараттарының қалыпын қалыпқа келтіру.

Тыныс алуына, артикуляциялық бұлшық еттеріне және дыбыс қоюға арналған арнайы жаттығулар жасату.

Ми қыртысы дизартриясының жеңіл және орташа түріндегі сөйлеу дағдысын және сөйлеуінің бұзылысының түзетуге көмектеседі.



ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ

- ❖ ЭЭГ (электроэнцефалограмма)- бас миының нервтік жүйесін тексеру
- ❖ КТ немесе МРТ – бас миын тексеру
- ❖ Жалпы анализ тапсыру
- ❖ Жұлын миының - суын, инфекциялық ауруын және рақты тексеру
- ❖ Нервопсихологиялық тексеру – баланың сөзді түсінуін тексеру және оқу мен жазуын тексеру

ҚОРЫТЫНДЫ

- ❖ ми қыртысындағы моторлы бөлімдердің бұзылуында жалпы сөйлеу тілінің баяулауы көрініс алады;
- ❖ сөйлеу тілінің жатықтығы бұзылады, сөз арасында тоқтап қалу, әсіресе дауссыз дыбыстардың қатар келгенінде;
- ❖ дауыссыз дыбыстардың күнгірт, қатал айтылуы;
- ❖ сөзге қосымша дыбыс қосу;
- ❖ қатты дауыстап сөйлеу осылар көрініс табады.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ !!!